

"Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Қордай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 324 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 414 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 3255 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №541 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 30.12.2022 №541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Қордай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 324 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3172 болып тіркелген, " Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 19 қазанында жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасымен толықтырылсын.

2. "Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Қордай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Саниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Досаев

Қордай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 414 қаулысына қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімдерді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
16.	Күздік бидай	15.12.2016 жыл	23.12.2016 жыл
17.	Жаздық арпа	15.12.2016 жыл	23.12.2016 жыл
18.	Ашық топырақтағы көкөніс	15.12.2016 жыл	23.12.2016 жыл